

**"Облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 3 қарашадағы № 126 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2022 жылғы 10 тамыздағы № 163 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 37 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Бас Прокурорының 20.01.2023 № 37 бұйрығымен.**

"Прокуратура туралы" Заңның 37-бабының 4) және 9) тармақшаларына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген прокуратуралар туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 3 қарашадағы № 126 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақта:

1) тармақшадағы "Астана" деген сөз "Нұр-Сұлтан" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) осы бұйрықтың 2-2-қосымшасына сәйкес Абай облысының прокуратурасы туралы ереже";

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

8-1) осы бұйрықтың 8-1-қосымшасына сәйкес Жетісу облысының прокуратурасы туралы ереже";

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

"15-1) осы бұйрықтың 15-1-қосымшасына сәйкес Ұлытау облысының прокуратурасы туралы ереже";

2) осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес "Абай облысының прокуратурасы туралы ереже" 2-2-қосымшамен толықтырылсын;

3) осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес "Жетісу облысының прокуратурасы туралы ереже" 8-1-қосымшамен толықтырылсын;

4) осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес "Ұлытау облысының прокуратурасы туралы ереже" 15-1-қосымшамен толықтырылсын;

5) Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасы, Алматы қаласының прокуратурасы, Шымкент қаласының прокуратурасы, Ақмола облысының прокуратурасы, Ақтөбе облысының прокуратурасы, Алматы облысының прокуратурасы, Атырау облысының прокуратурасы, Батыс Қазақстан облысының прокуратурасы, Жамбыл облысының прокуратурасы, Қарағанды облысының прокуратурасы, Қостанай облысының прокуратурасы, Қызылорда облысының прокуратурасы, Манғыстау облысының прокуратурасы, Түркістан облысының прокуратурасы, Павлодар облысының прокуратурасы, Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы, Шығыс Қазақстан облысының прокуратурасы, Бас әскери прокуратурасы, Бас көлік прокуратурасы осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Аппараты заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың көшірмелерін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Облыс прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) бір айлық мерзімде өз актілерін осы бұйрыққа сәйкес келтіруді;

2) "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген шаралары қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Аппаратына жүктелсін.

5. Осы бұйрықпен Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының, ведомстволарының, мекемелерінің және білім беру ұйымының барлық қызметкері мен жұмыскері таныстырылсын.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры*

*Б. Асыллов*

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2022 жылғы 10 тамыздағы  
№ 163 бұйрығына 1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2017 жылғы 3 қарашадағы

## **Абай облысының прокуратурасы туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Абай облысының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Абай облысының прокуратурасы) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аумақтық органы болып табылады, мемлекет атынан заңдылықтың сақталуына заңмен белгіленген шектерде және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Абай облысы прокуратурасының төмен тұрған прокуратуралары бар.

3. Абай облысының прокуратурасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Абай облысының прокуратурасы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Абай облысының прокуратурасы азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Абай облысы прокуратурасы, егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілетті болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Абай облысының прокуратурасы өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Абай облысы прокурорының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Абай облысы прокуратурасының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Панфилов көшесі, 69.

10. Осы Ереже Абай облысы прокуратурасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Абай облысы прокуратурасының қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Абай облысының прокуратурасына кәсіпкерлік субъектілерімен Абай облысы прокуратурасының өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

## **2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері**

13. Міндеттері:

заңмен белгіленген шектерде:

адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіреді;

заңдылықтың бұзылуын, оған ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтайды және жояды;

құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіреді;

заңмен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен айқындалатын өзге де міндеттерді орындайды.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

қылмыстық-процестік заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша іс-әрекеттерді жүзеге асыруға және процестік шешімдер қабылдауға;

заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен жедел-іздістіру қызметінің материалдарын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді талап етуге, басшылардан және басқа да лауазымды адамдардан қажетті құжаттарды, материалдарды, статистикалық ақпаратты және заңдылықтың жай-күйі және оны қамтамасыз ету бойынша қолданылатын шаралар туралы өзге де мәліметтерді алуға;

заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша сот отырысына қатысуға және іс бойынша қорытынды беруге, соттан сот істерін сұратуға, сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхаттар келтіруге;

заңда көзделген тәртіппен тексерістер жүргізуге, оларға қатысу және қорытындылар беру үшін мамандар тартуға, сондай-ақ қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін тексерістерді жүзеге асыруға басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тартуға;

сараптамалар тағайындауға, уәкілетті органдардан прокуратураға келіп түскен материалдар, жолданымдар бойынша тексерістер жүргізілуін талап етуге және олардың нәтижелері туралы хабарлауға міндеттеуге;

заңнамада белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ақпараттық жүйелер мен ресурстарда қамтылған мәліметтерге рұқсат алуға;

жүргізілетін тексеріс және қаралатын жолданым мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін түсініктеме алу үшін шақыруға;

лауазымды адамдар қолданған тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың күшін жоюды талап етуге, негіздер болған кезде және заңда көзделген тәртіппен заңсыз актінің қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұруға;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғауға және тоқтатуға;

заңнамада белгіленген тәртіппен тексеріс жүргізуге байланысты құжаттар мен материалдарға рұқсат алуға;

нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысуға ;

басқа да мемлекеттердің мекемелерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта болуға;

заңдылық пен құқық тәртібін, қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық жүйелерді құруға және жетілдіруге қатысуға;

заңда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтауға;

мінез-құлықтың этикалық нормаларын сақтауға;

өз құзыретіне сәйкес адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға;

заңнамада көзделген шектерде жеке және заңды тұлғаларға олардың жолданымдарын қарауға байланысты құжаттар мен материалдарды таныстыруға ұсынуға;

заңдылықтың бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайлардың алдын алу және оларды анықтау, сондай-ақ кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту үшін заңда белгіленген тәртіппен прокурорлық ден қою актілерін және прокурорлық қадағалау актілерін қабылдауға;

тексерілетін субъектілердің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және актілер қабылдауға жол бермеуге;

тексеріс барысында алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын, мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

заңсыз ұсталған және бас бостандығынан айыру орындарында, арнаулы мекемелерде, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелерде, қызметтік үй-жайларда заңсыз ұсталатын адамдарды дереу босатуға;

халықтың сенімін арттыру басымдығымен өз қызметін жетілдіруге;

заңмен көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

#### 15. Функциялары:

1) заңда белгіленген шекте және тәртіппен заңдылыққа жоғары қадағалауды жүзеге асырады:

мемлекеттік, жергілікті өкілді, атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан, өзге де ұйымдардың қызметін, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдерді айқындайды;

атқарушылық іс жүргізу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу;

құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың: сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздістіру және қарсы барлау қызметі; қылмыстық жазаларды орындау және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану; Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтау салаларындағы қызметі туралы;

заңмен айқындалатын өзге де бағыттар бойынша;

2) қылмыстық-процестік, азаматтық процестік, әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамада және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген негіздерде және тәртіппен сотта мемлекет мүдделерін білдіру болып табылады;

3) қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыру;

4) құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың әрекеттерінің келісілуін қамтамасыз ету мақсатында Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функциялар.

### **3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі**

16. Абай облысының прокуратурасына басшылықты Абай облысының прокуроры жүзеге асырады, ол Абай облысының прокуратурасына жүктелген

міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Абай облысының прокуроры Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Абай облысы прокурорының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Абай облысы прокурорының өкілеттігі:

1) Абай облысы прокуратурасының жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне және төмен тұрған прокуратуралардың қызметіне басшылық етеді;

2) Абай облысының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесін басқарады;

3) Абай облысы прокуратурасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Абай облысының прокуратурасын білдіреді;

5) барлық бағынысты қызметкерлер мен жұмыскерлер үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады;

6) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Абай облысы прокурорының өкілеттіктерін орындауды ол болмаған кезеңде қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Абай облысы прокуроры өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

21. Абай облысы прокуратурасының аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Аппарат басшысы басқарады.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. Абай облысы прокуратурасының заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Абай облысы прокуратурасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Абай облысы прокуратурасына бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Абай облысының прокуратурасы өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат

есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Абай облысы прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының 2022 жылғы  
10 тамыздағы № 163  
бұйрығына 2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2017 жылғы 3 қарашадағы  
№ 126 бұйрығына  
8-1-қосымша

## **Жетісу облысының прокуратурасы туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Жетісу облысының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Жетісу облысының прокуратурасы) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аумақтық органы болып табылады, мемлекет атынан заңдылықтың сақталуына заңмен белгіленген шектерде және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Жетісу облысы прокуратурасының төмен тұрған прокуратуралары бар.

3. Жетісу облысының прокуратурасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Жетісу облысының прокуратурасы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері , Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Жетісу облысының прокуратурасы азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.



6. Жетісу облысы прокуратурасы, егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілетті болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Жетісу облысының прокуратурасы өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Жетісу облысы прокурорының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Жетісу облысы прокуратурасының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Төлебаев көшесі, 51.

10. Осы Ереже Жетісу облысы прокуратурасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Жетісу облысы прокуратурасының қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Жетісу облысының прокуратурасына кәсіпкерлік субъектілерімен Жетісу облысы прокуратурасының өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

## **2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері**

13. Міндеттері:

заңмен белгіленген шектерде:

адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіреді;

заңдылықтың бұзылуын, оған ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтайды және жояды;

құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіреді;

заңмен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен айқындалатын өзге де міндеттерді орындайды.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

қылмыстық-процестік заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша іс-әрекеттерді жүзеге асыруға және процестік шешімдер қабылдауға;

заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен жедел-іздігісіру қызметінің материалдарын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді талап етуге, басшылардан және басқа да лауазымды адамдардан қажетті құжаттарды,

материалдарды, статистикалық ақпаратты және заңдылықтың жай-күйі және оны қамтамасыз ету бойынша қолданылатын шаралар туралы өзге де мәліметтерді алуға;

заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша сот отырысына қатысуға және іс бойынша қорытынды беруге, соттан сот істерін сұратуға, сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхаттар келтіруге;

заңда көзделген тәртіппен тексерістер жүргізуге, оларға қатысу және қорытындылар беру үшін мамандар тартуға, сондай-ақ қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін тексерістерді жүзеге асыруға басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тартуға;

сараптамалар тағайындауға, уәкілетті органдардан прокуратураға келіп түскен материалдар, жолданымдар бойынша тексерістер жүргізілуін талап етуге және олардың нәтижелері туралы хабарлауға міндеттеуге;

заңнамада белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ақпараттық жүйелер мен ресурстарда қамтылған мәліметтерге рұқсат алуға;

жүргізілетін тексеріс және қаралатын жолданым мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін түсініктеме алу үшін шақыруға;

лауазымды адамдар қолданған тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың күшін жоюды талап етуге, негіздер болған кезде және заңда көзделген тәртіппен заңсыз актінің қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұруға;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғауға және тоқтатуға;

заңнамада белгіленген тәртіппен тексеріс жүргізуге байланысты құжаттар мен материалдарға рұқсат алуға;

нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысуға ;

басқа да мемлекеттердің мекемелерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта болуға;

заңдылық пен құқық тәртібін, қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық жүйелерді құруға және жетілдіруге қатысуға;

заңда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтауға;

мінез-құлықтың этикалық нормаларын сақтауға;

өз құзыретіне сәйкес адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға;

заңнамада көзделген шектерде жеке және заңды тұлғаларға олардың жолданымдарын қарауға байланысты құжаттар мен материалдарды таныстыруға ұсынуға;

заңдылықтың бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайлардың алдын алу және оларды анықтау, сондай-ақ кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту үшін заңда белгіленген тәртіппен прокурорлық ден қою актілерін және прокурорлық қадағалау актілерін қабылдауға;

тексерілетін субъектілердің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және актілер қабылдауға жол бермеуге;

тексеріс барысында алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын, мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

заңсыз ұсталған және бас бостандығынан айыру орындарында, арнаулы мекемелерде, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелерде, қызметтік үй-жайларда заңсыз ұсталатын адамдарды дереу босатуға;

халықтың сенімін арттыру басымдығымен өз қызметін жетілдіруге;

заңмен көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

#### 15. Функциялары:

1) заңда белгіленген шекте және тәртіппен заңдылыққа жоғары қадағалауды жүзеге асырады:

мемлекеттік, жергілікті өкілді, атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан, өзге де ұйымдардың қызметін, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдерді айқындайды;

атқарушылық іс жүргізу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу;

құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың: сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздістіру және қарсы барлау қызметі; қылмыстық жазаларды орындау және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану; Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтау салаларындағы қызметі туралы;

заңмен айқындалатын өзге де бағыттар бойынша;

2) қылмыстық-процестік, азаматтық процестік, әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамада және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген негіздерде және тәртіппен сотта мемлекет мүдделерін білдіру болып табылады;

3) қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыру;

4) құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың әрекеттерінің келісілуін қамтамасыз ету мақсатында Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функциялар.

### **3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі**

16. Жетісу облысының прокуратурасына басшылықты Жетісу облысының прокуроры жүзеге асырады, ол Жетісу облысының прокуратурасына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Жетісу облысының прокуроры Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Жетісу облысы прокурорының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Жетісу облысы прокурорының өкілеттігі:

1) Жетісу облысы прокуратурасының жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне және төмен тұрған прокуратуралардың қызметіне басшылық етеді;

2) Жетісу облысының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесін басқарады;

3) Жетісу облысы прокуратурасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Жетісу облысының прокуратурасын білдіреді;

5) барлық бағынысты қызметкерлер мен жұмыскерлер үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады;

6) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Жетісу облысы прокурорының өкілеттіктерін орындауды ол болмаған кезеңде қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Жетісу облысы прокуроры өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

21. Жетісу облысы прокуратурасының аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Аппарат басшысы басқарады.

### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. Жетісу облысы прокуратурасының заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Жетісу облысы прокуратурасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Жетісу облысы прокуратурасына бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Жетісу облысының прокуратурасы өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Жетісу облысы прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының 2022 жылғы  
10 тамыздағы № 163  
бұйрығына 3-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2017 жылғы 3 қарашадағы  
№ 126 бұйрығына  
15-1-қосымша

## **Ұлытау облысының прокуратурасы туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Ұлытау облысының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Ұлытау облысының прокуратурасы) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аумақтық органы болып табылады, мемлекет атынан заңдылықтың сақталуына заңмен белгіленген шектерде және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Ұлытау облысы прокуратурасының төмен тұрған прокуратуралары бар.

3. Ұлытау облысының прокуратурасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Ұлытау облысының прокуратурасы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Ұлытау облысының прокуратурасы азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Ұлытау облысы прокуратурасы, егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілетті болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Ұлытау облысының прокуратурасы өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Ұлытау облысы прокурорының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Ұлытау облысы прокуратурасының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Гагарин көшесі, 44.

10. Осы Ереже Ұлытау облысы прокуратурасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Ұлытау облысы прокуратурасының қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Ұлытау облысының прокуратурасына кәсіпкерлік субъектілерімен Ұлытау облысы прокуратурасының өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

## **2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері**

13. Міндеттері:

заңмен белгіленген шектерде:

адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіреді;

заңдылықтың бұзылуын, оған ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтайды және жояды;

құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіреді;

заңмен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен айқындалатын өзге де міндеттерді орындайды.

#### 14. Өкілеттіктері:

##### 1) құқықтары:

қылмыстық-процестік заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша іс-әрекеттерді жүзеге асыруға және процестік шешімдер қабылдауға;

заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен жедел-іздістіру қызметінің материалдарын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді талап етуге, басшылардан және басқа да лауазымды адамдардан қажетті құжаттарды, материалдарды, статистикалық ақпаратты және заңдылықтың жай-күйі және оны қамтамасыз ету бойынша қолданылатын шаралар туралы өзге де мәліметтерді алуға;

заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша сот отырысына қатысуға және іс бойынша қорытынды беруге, соттан сот істерін сұратуға, сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхаттар келтіруге;

заңда көзделген тәртіппен тексерістер жүргізуге, оларға қатысу және қорытындылар беру үшін мамандар тартуға, сондай-ақ қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін тексерістерді жүзеге асыруға басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тартуға;

сараптамалар тағайындауға, уәкілетті органдардан прокуратураға келіп түскен материалдар, жолданымдар бойынша тексерістер жүргізілуін талап етуге және олардың нәтижелері туралы хабарлауға міндеттеуге;

заңнамада белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ақпараттық жүйелер мен ресурстарда қамтылған мәліметтерге рұқсат алуға;

жүргізілетін тексеріс және қаралатын жолданым мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін түсініктеме алу үшін шақыруға;

лауазымды адамдар қолданған тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың күшін жоюды талап етуге, негіздер болған кезде және заңда көзделген тәртіппен заңсыз актінің қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұруға;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғауға және тоқтатуға;

заңнамада белгіленген тәртіппен тексеріс жүргізуге байланысты құжаттар мен материалдарға рұқсат алуға;

нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысуға ;

басқа да мемлекеттердің мекемелерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта болуға;

заңдылық пен құқық тәртібін, қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық жүйелерді құруға және жетілдіруге қатысуға;

заңда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтауға;

мінез-құлықтың этикалық нормаларын сақтауға;

өз құзыретіне сәйкес адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға;

заңнамада көзделген шектерде жеке және заңды тұлғаларға олардың жолданымдарын қарауға байланысты құжаттар мен материалдарды таныстыруға ұсынуға;

заңдылықтың бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайлардың алдын алу және оларды анықтау, сондай-ақ кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту үшін заңда белгіленген тәртіппен прокурорлық ден қою актілерін және прокурорлық қадағалау актілерін қабылдауға;

тексерілетін субъектілердің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және актілер қабылдауға жол бермеуге;

тексеріс барысында алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын, мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

заңсыз ұсталған және бас бостандығынан айыру орындарында, арнаулы мекемелерде, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелерде, қызметтік үй-жайларда заңсыз ұсталатын адамдарды дереу босатуға;

халықтың сенімін арттыру басымдығымен өз қызметін жетілдіруге;

заңмен көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

15. Функциялары:

1) заңда белгіленген шекте және тәртіппен заңдылыққа жоғары қадағалауды жүзеге асырады:

мемлекеттік, жергілікті өкілді, атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан, өзге де ұйымдардың қызметін, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдерді айқындайды;

атқарушылық іс жүргізу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу;

құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың: сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздістіру және қарсы барлау қызметі; қылмыстық



жазаларды орындау және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану; Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтау салаларындағы қызметі туралы;

заңмен айқындалатын өзге де бағыттар бойынша;

2) қылмыстық-процестік, азаматтық процестік, әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамада және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген негіздерде және тәртіппен сотта мемлекет мүдделерін білдіру болып табылады;

3) қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыру;

4) құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың әрекеттерінің келісілуін қамтамасыз ету мақсатында Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функциялар.

### **3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі**

16. Ұлытау облысының прокуратурасына басшылықты Ұлытау облысының прокуроры жүзеге асырады, ол Ұлытау облысының прокуратурасына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Ұлытау облысының прокуроры Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Ұлытау облысы прокурорының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Ұлытау облысы прокурорының өкілеттігі:

1) Ұлытау облысы прокуратурасының жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне және төмен тұрған прокуратуралардың қызметіне басшылық етеді;

2) Ұлытау облысының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесін басқарады;

3) Ұлытау облысы прокуратурасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Ұлытау облысының прокуратурасын білдіреді;

5) барлық бағынысты қызметкерлер мен жұмыскерлер үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады;

6) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Ұлытау облысы прокурорының өкілеттіктерін орындауды ол болмаған кезеңде қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Ұлытау облысы прокуроры өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

21. Ұлытау облысы прокуратурасының аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Аппарат басшысы басқарады.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. Ұлытау облысы прокуратурасының заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Ұлытау облысы прокуратурасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Ұлытау облысы прокуратурасына бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Ұлытау облысының прокуратурасы өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Ұлытау облысы прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының 2022 жылғы  
10 тамыздағы № 163  
бұйрығына 4-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2017 жылғы 3 қарашадағы  
№ 126 бұйрығына  
1-қосымша

### **Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасы туралы ЕРЕЖЕ**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. "Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасы) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының аумақтық органы болып табылады, мемлекет атынан заңдылықтың сақталуына заңмен белгіленген шектерде және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасының төмен тұрған прокуратуралары бар.

3. Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері , Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасы азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Нұр-Сұлтан қаласы прокуратурасы, егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілетті болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасы өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Нұр-Сұлтан қаласы прокурорының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Нұр-Сұлтан қаласы прокуратурасының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі .

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 31.

10. Осы Ереже Нұр-Сұлтан қаласы прокуратурасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Нұр-Сұлтан қаласы прокуратурасының қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасына кәсіпкерлік субъектілерімен Нұр-Сұлтан қаласы прокуратурасының өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

## 2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

### 13. Міндеттері:

заңмен белгіленген шектерде:

адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіреді;

заңдылықтың бұзылуын, оған ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтайды және жояды;

құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіреді;

заңмен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен айқындалатын өзге де міндеттерді орындайды.

### 14. Өкілеттіктері:

#### 1) құқықтары:

қылмыстық-процестік заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша іс-әрекеттерді жүзеге асыруға және процестік шешімдер қабылдауға;

заңнамада көзделген жағдайларда және тәртіппен жедел-іздігіру қызметінің материалдарын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді талап етуге, басшылардан және басқа да лауазымды адамдардан қажетті құжаттарды, материалдарды, статистикалық ақпаратты және заңдылықтың жай-күйі және оны қамтамасыз ету бойынша қолданылатын шаралар туралы өзге де мәліметтерді алуға;

заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша сот отырысына қатысуға және іс бойынша қорытынды беруге, соттан сот істерін сұратуға, сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхаттар келтіруге;

заңда көзделген тәртіппен тексерістер жүргізуге, оларға қатысу және қорытындылар беру үшін мамандар тартуға, сондай-ақ қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін тексерістерді жүзеге асыруға басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тартуға;

сараптамалар тағайындауға, уәкілетті органдардан прокуратураға келіп түскен материалдар, жолданымдар бойынша тексерістер жүргізілуін талап етуге және олардың нәтижелері туралы хабарлауға міндеттеуге;

заңнамада белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесімен интеграцияланған ақпараттық жүйелер мен ресурстарда қамтылған мәліметтерге рұқсат алуға;

жүргізілетін тексеріс және қаралатын жолданым мәселелері бойынша лауазымды адамдарды, жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін түсініктеме алу үшін шақыруға;

лауазымды адамдар қолданған тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың күшін жоюды талап етуге, негіздер болған кезде және заңда көзделген тәртіппен заңсыз актінің қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұруға;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу қозғауға және тоқтатуға;

заңнамада белгіленген тәртіппен тексеріс жүргізуге байланысты құжаттар мен материалдарға рұқсат алуға;

нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысуға ;

басқа да мемлекеттердің мекемелерімен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта болуға;

заңдылық пен құқық тәртібін, қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық жүйелерді құруға және жетілдіруге қатысуға;

заңда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтауға;

мінез-құлықтың этикалық нормаларын сақтауға;

өз құзыретіне сәйкес адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға;

заңнамада көзделген шектерде жеке және заңды тұлғаларға олардың жолданымдарын қарауға байланысты құжаттар мен материалдарды таныстыруға ұсынуға;

заңдылықтың бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайлардың алдын алу және оларды анықтау, сондай-ақ кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту үшін заңда белгіленген тәртіппен прокурорлық ден қою актілерін және прокурорлық қадағалау актілерін қабылдауға;

тексерілетін субъектілердің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және актілер қабылдауға жол бермеуге;

тексеріс барысында алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын, мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

заңсыз ұсталған және бас бостандығынан айыру орындарында, арнаулы мекемелерде, мәжбүрлеу сипатындағы шараларды орындайтын мекемелерде, қызметтік үй-жайларда заңсыз ұсталатын адамдарды дереу босатуға;

халықтың сенімін арттыру басымдығымен өз қызметін жетілдіруге; заңмен көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

15. Функциялары:

1) заңда белгіленген шекте және тәртіппен заңдылыққа жоғары қадағалауды жүзеге асырады:

мемлекеттік, жергілікті өкілді, атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен олардың лауазымды адамдарының, меншік нысанына қарамастан, өзге де ұйымдардың қызметін, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдерді айқындайды;

атқарушылық іс жүргізу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу;

құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың: сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жедел-іздістіру және қарсы барлау қызметі; қылмыстық жазаларды орындау және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолдану; Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтау салаларындағы қызметі туралы;

заңмен айқындалатын өзге де бағыттар бойынша;

2) қылмыстық-процестік, азаматтық процестік, әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамада және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген негіздерде және тәртіппен сотта мемлекет мүдделерін білдіру болып табылады;

3) қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыру;

4) құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың әрекеттерінің келісілуін қамтамасыз ету мақсатында Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функциялар.

### **3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі**

16. Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасына басшылықты Нұр-Сұлтан қаласының прокуроры жүзеге асырады, ол Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Нұр-Сұлтан қаласының прокуроры Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Нұр-Сұлтан қаласы прокурорының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Нұр-Сұлтан қаласы прокурорының өкілеттігі:

1) Нұр-Сұлтан қаласы прокуратурасының жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне және төмен тұрған прокуратуралардың қызметіне басшылық етеді;

2) Нұр-Сұлтан қаласының Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесін басқарады;

3) Нұр-Сұлтан қаласы прокуратурасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ өзге де ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасын білдіреді;

5) барлық бағынысты қызметкерлер мен жұмыскерлер үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады;

6) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Нұр-Сұлтан қаласы прокурорының өкілеттіктерін орындауды ол болмаған кезеңде қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Нұр-Сұлтан қаласы прокуроры өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

21. Нұр-Сұлтан қаласы прокуратурасының аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Аппарат басшысы басқарады.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. Нұр-Сұлтан қаласы прокуратурасының заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Нұр-Сұлтан қаласы прокуратурасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Нұр-Сұлтан қаласы прокуратурасына бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Нұр-Сұлтан қаласының прокуратурасы өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Нұр-Сұлтан қаласы прокуратурасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **Алматы қаласының прокуратурасы туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Алматы қаласының Прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Алматы қаласының прокуратурасы) Қазақстан Республикас Бас прокуратурасының аумақтық органы болып табылады, мемлекет атынан заңдылықтың сақталуына заңмен белгіленген шектерде және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

2. Алматы қаласы прокуратурасының төмен тұрған прокуратуралары бар.

3. Алматы қаласының прокуратурасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Алматы қаласының прокуратурасы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері , Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Алматы қаласының прокуратурасы азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Алматы қаласы прокуратурасы, егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілетті болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Алматы қаласының прокуратурасы өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Алматы қаласы прокурорының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Алматы қаласы прокуратурасының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы , Желтоқсан көшесі, 189.



10. Осы Ереже Алматы қаласы прокуратурасының құрылтай құжаты болып табылады.

